

"KASE КЛИРИНГ ОРТАЛЫҒЫ" АҚ

"KASE Клиринг орталығы" АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(2023 жылдың 15 наурызындағы
№ 2 отырыс хаттамасы)
бекітілді

20XX жылдың XX айынан бастап¹
қолданысқа енгізілді

Банк операцияларын жүргізу ЕРЕЖЕЛЕРІ

Алматы қ.

2023 жыл

¹ Қор нарығындағы орталық контрагент ретінде "KASE клиринг орталығы" АҚ-ның жұмысы басталған күннен бастап қолданысқа енгізілуімен

Осы Ережелер Қазақстан Республикасының заңнамасына және "KASE клиринг орталығы" АҚ (бұдан әрі – Клиринг орталығы) жарғысына сәйкес әзірленді және Клиринг орталығының банк операцияларын жүргізу шарттары мен тәртібін анықтайды.

1 бөлім. Жалпы қағидалар

1 бап. Осы Ережелерде пайдаланылатын ұғымдар мен терминдер

1. Осы ережелерде мынадай ұғымдар мен терминдер пайдаланылады:
 - 1) корреспондент банк – Клиринг орталығының корреспонденттік шоты ашылған банк;
 - 2) Биржа – "Қазақстан қор биржасы" АҚ;
 - 3) клиент – Клиринг орталығының клирингілік қатысушысы;
 - 4) Ұлттық Банк – "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" ММ;
 - 5) төлем құжаты – қағаз тасымалдағышта жасалған не электрондық нысанда қалыптастырылған, оның негізінде немесе көмегімен төлем және (немесе) ақша аударымы жүзеге асырылатын құжат;
 - 6) төлем жүйесі – осы төлем жүйесінің операторы белгілеген процедураларды, инфрақұрылымды және ережелерді қолдану арқылы төлем жүйесі операторының және (немесе) төлем жүйесіне қатысушылардың өзара іс-қимылы жолымен төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін қатынастар жиынтығы;
2. Осы Ережелерде пайдаланылатын өзге ұғымдар Биржаның "Мүшелік туралы қағида" ішкі құжатында және Клиринг орталығының "Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелері" ішкі құжатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында пайдаланылатын ұғымдармен бірдей.

2 бап. Клиринг орталығының банк операциялары туралы жалпы қағидалар

1. Осы Ережелер Клиринг орталығының банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізуге уәкілетті органның лицензиясы (лицензиялары) бар банктік емес ұйым ретінде банк операцияларын жүзеге асырудың шарттары мен тәртібін анықтайды. Осы Ережелердің күші Клиринг орталығының шаруашылық жүргізуші субъект ретіндегі қызметіне қолданылмайды.
2. Клиринг орталығы уәкілетті органның қолданыстағы лицензиясы (қолданыстағы лицензиялары) бар банк операцияларын ғана жүзеге асырады.
3. Банк операцияларын жүргізу кезінде Клиринг орталығы:
 - 1) Қазақстан Республикасының банк қызметі туралы, төлемдер және төлем жүйелері туралы, валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын;
 - 2) осы Ережелерді және Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарын басшылыққа алады.
4. Егер осы Ережелердің жеке нормасы Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келген жағдайда, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары қолданылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына, Ұлттық Банктің және өзге де

мемлекеттік органдардың қолданылатын нормативтік құқықтық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізілген, олардың кейбіреулерінің күші жойылды деп танылған, банк қызметін регламенттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілер қабылданған жағдайда Клиринг орталығы Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады және осы Ережелерге және банк операцияларын жүргізудің шарттары мен тәртібін регламенттейтін өзге де ішкі құжаттарға қажетті өзгерістер енгізеді.

5. Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттелмеген бөлігінде Клиринг орталығының банк операциялары, егер олар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылып жүрген заңнамаға қайшы келмесе, оның ішкі құжаттарына, жасалған келісім-шарттарға (қосылу келісім-шарттарын қоса алғанда) және іскерлік айналым әдеттеріне сәйкес жүзеге асырылады.
6. Клиринг орталығы қызмет көрсететін банк ұйымымен өзара іс-қимыл жасаған және осы Ережелердің осы қызмет көрсететін банк ұйымы жұмыс істейтін елдің заңнамасына қайшы келген жағдайда осы ел заңнамасының нормалары қолданылады.
7. Клиринг орталығы қызмет көрсететін банк ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасаған және осы Ережелердің қызмет көрсететін банк ұйымының ережелеріне қайшы келген жағдайда, осы ұйымның ережелері қолданылады.
8. Америка Құрама Штаттарының "Шетелдік қаржы мекемелеріндегі шоттарды салықтық бақылау туралы" (The Foreign Account EuroCompliance, бұдан әрі – FATCA) заңының талаптарына сәйкес Клиринг орталығы FATCA белгіленген талаптар мен санкциялар қолданылатын қаржы ұйымы болып табылады.

FATCA және CRS (Common Reporting Standard – Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (бұдан әрі – ЭЫДҰ) әзірленген стандарт), сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қазақстан Республикасының халықаралық ратификацияланған келісім-шарттарының/келісімдерінің талаптарына сәйкес Клиринг орталығы клиенттердің Америка Құрама Штаттарының және ЭЫДҰ елдерінің тізіміне кіретін елдердің салық төлеушілеріне қатынасын анықтау мақсатында клиенттерді сәйкестендіру процедураларын жүзеге асырады.

9. Клиринг орталығы клирингілік қатысушылар болып табылатын заңды тұлғаларға ғана, сондай-ақ Клиринг орталығының өзіне клиринг ұйымының және (немесе) орталық контрагенттің функцияларын орындау кезінде банк операцияларын жүргізу бойынша қызметтер көрсетеді.

Клиринг орталығы осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілгендерден басқа жеке тұлғаларға, сондай-ақ өзге де заңды тұлғаларға, оның ішінде клирингілік қатысушылардың клиенттеріне банк операцияларын жүргізу жөнінде қызметтер көрсетпейді.

10. Банк операцияларын жүргізу кезінде құжаттарды рәсімдеу және орындау тәртібі Клиринг орталығы Клиринг орталығының Басқармасы бекітетін Клиринг орталығының жеке ішкі құжатымен анықталады.
11. Банк операцияларын жүргізу кезінде Клиринг орталығы ұйымдастыру шараларын белгілейді, сондай-ақ Ұлттық Банктің қолданылатын нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келетін ақпараттық жүйелер мен аппараттық құралдарды пайдаланады.
12. Барлық банк операцияларын Клиринг орталығы тек қана қолма-қол ақшасыз нысанда жүргізеді.

4 бап.

Ақпаратты ашу

1. Клиенттерге Клиринг орталығының қаржылық жай-күйін және клиенттердің

тәуекелдерін бақылау және төмендету үшін ағымдағы қызметін талдау мүмкіндігін беру мақсатында Клиринг орталығы өзінің интернет-сайтында:

- 1) тоқсан сайынғы қаржылық есеп берушілігін (уәкілетті органға ұсынылатын екі негізгі нысан бойынша);
 - 2) Клиринг орталығының қаржылық есептілігі бойынша жылдық аудиторлық есептерін;
 - 3) Клиринг орталығының қызметі туралы өзге де ақпаратты жариялайды.
2. Осы Ережелер, сондай-ақ Клиринг орталығының банк қызметтері үшін комиссиялық алымдар (мөлшерлемелер мен тарифтер) туралы ақпарат, егер олар Клиринг орталығының банк операцияларының жекелеген түрлеріне қолданылатын болса, Клиринг орталығының интернет-сайтында жарияланады.

5 бап.

Клиринг орталығы жүргізетін банк операциялары

1. Клиринг орталығы банк операцияларының мынадай түрлерін жүзеге асырады:
 - 1) аударым операциялары: осы Ережелердің 2 бөліміне сәйкес клиенттердің тапсырмаларын орындау;
 - 2) осы Ережелердің 3 бөліміне сәйкес қолма-қол ақшасыз шетел валютасымен айырбастау операциялары;
 - 3) осы Ережелердің 4 бөліміне сәйкес Клиринг орталығы клиенттерінің банктік және корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу.
2. Клиринг орталығы банк операцияларын биржалық нарықтардағы операцияларға қызмет көрсету мақсатында ғана жүргізеді.
3. Клиринг орталығы қосылу келісім-шарттары болып табылатын және ашық оферта нысаны бар тиісті келісім-шарттар негізінде клиенттер үшін банк операцияларын жүзеге асырады (банк қызметтерін көрсетеді):
 - 1) осы Ережелерге 1 қосымша болып табылатын келісім-шарт негізінде аударым операциялары;
 - 2) осы Ережелерге 2 қосымша болып табылатын келісім-шарт негізінде қолма-қол ақшасыз шетел валютасымен айырбастау операциялары;
 - 3) осы Ережелерге тиісінше 3 және 4 қосымшалар болып табылатын келісім-шарттар негізінде Клиринг орталығы клиенттерінің банктік және корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу.

2 бөлім. Аударым операциялары

6 бап.

Аударым операцияларын жүргізу кезінде пайдаланылатын шоттар

1. Аударым операцияларын жүргізу кезінде Клиринг орталығы:
 - 1) Ұлттық Банкте, шетелдік банктерде, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде, "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ-да ашылған меншікті корреспонденттік шоттарын;
 - 2) Ұлттық Банкте, шетелдік банктерде немесе қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес клиенттердің корреспонденттік шоттарын ашуға және жүргізуге құқығы бар өзге де шетелдік ұйымдарда, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде, "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ-да ашылған Клиринг орталығы клиенттерінің корреспонденттік шоттарын;

- 3) қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес клиенттердің банктік шоттарын ашуға және жүргізуге құқығы бар Ұлттық Банкте, шетелдік банктерде немесе өзге де шетелдік ұйымдарда, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде, "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ-да ашылған Клиринг орталығы клиенттерінің банктік ағымдағы шоттарын;
 - 4) Клиринг орталығында ашылған клиенттердің банктік ағымдағы және (немесе) корреспонденттік шоттарын пайдаланады.
2. Клиринг орталығы клиенттерінің осы баптың 1 тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген, аударым операцияларын жүргізу кезінде пайдаланылуы тиіс банктік ағымдағы және (немесе) корреспонденттік шоттарының деректемелері Клиринг орталығына Клиринг орталығының есеп айырысу немесе клиринг жүргізуді регламенттейтін ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен клиенттің аударым операциясын жүргізу басталғанға дейін беріледі.
 3. Клиринг орталығы Клиринг орталығында ашылған клиенттердің банктік ағымдағы және (немесе) корреспонденттік шоттарын пайдалана отырып, аударым операцияларын Клиринг орталығы есеп айырысу ұйымы болып табылатын нарықтарда ғана жүзеге асырады, бірақ бұл ретте "Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру қағидалары" ішкі құжатына сәйкес осы нарықтардағы орталық контрагент функцияларын орындамайды. Бұл ретте аударым операциялары осы Ережелердің 4 бөліміне сәйкес жүзеге асырылады.
 4. Клиринг орталығы аударым операцияларын есеп айырысу ұйымы болып табылмайтын немесе есеп айырысу ұйымы болып табылатын және осы баптың 3 тармағында көрсетілген ережелерге сәйкес орталық контрагенттің функцияларын орындайтын нарықтарда осы баптың 1 тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген банктік ағымдағы және (немесе) корреспонденттік шоттарды пайдалана отырып жүзеге асырады. Мұндай аударым операциялары осы бөлімнің 7 және 8 баптарына сәйкес жүзеге асырылады.

7 бап.

Аударым операцияларын жүргізу тәртібі

1. Клиринг орталығы аударым операцияларын:
 - 1) Клиринг орталығының корреспонденттік шоттарына клиенттерден түсетін ақшаны алу;
 - 2) өзінің корреспондент банктеріне Клиринг орталығы клиенттерінің пайдасына корреспонденттік шоттардан осы Ережелердің 6 бабы 1 тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілгендер қатарынан олардың шоттарына ақшаны есептен шығаруға өкімдер беру жолымен жүзеге асырады.
2. Клиринг орталығының корреспонденттік шоттарына клиенттерден ақша түсуі және Клиринг орталығының корреспонденттік шоттарынан ақшаны есептен шығару Клиринг орталығының ішкі есепке алу жүйесінде әрбір операция бөлінісінде көрсетіледі. Бұл үшін ақпараттық жүйелерде әрбір клиентке Клиринг орталығы ақшаны ішкі есепке алу шоттарын ашады.
3. Клиринг орталығының корреспонденттік шоттарындағы клиенттердің ақшасын ішкі есепке алу шоттарын ашу, жүргізу және жабу, сондай-ақ ішкі есепке алу шоттары бойынша ақшаны есепке алу және есептен шығару тәртібі Клиринг орталығының Басқармасы бекітетін Клиринг орталығының ішкі құжатында белгіленеді.
4. Клиринг орталығының корреспондент банктерінен келіп түсетін Клиринг орталығының корреспонденттік шоттары бойынша үзінділер, сондай-ақ

Клиринг орталығының корреспондент банктерінен төлем жүйелері арқылы түсетін өзге де төлем құжаттары клиенттерден ішкі есеп шоттарындағы ақшаның түсуін есепке алу үшін негіз болып табылады.

Клиенттерден алынған төлем құжаттары, осындай құжаттардың көшірмелері, клиенттердің Клиринг орталығының корреспонденттік шоттарына ақша аударғаны туралы куәландыратын кез келген өзге де құжаттар клиенттерден ішкі есеп шоттарындағы ақшаның түсуін есепке алу үшін негіз болып табылмайды.

5. Клиринг орталығының корреспонденттік шотынан клиенттің пайдасына ақша есептен шығаруға және клиенттің ақшасын ішкі есеп шотынан есептен шығаруды есепке алуға корреспондент банкке өкім беру үшін мынадай құжаттардың кез келгені негіз болып табылады:
 - 1) клирингтік ұйымның, оның ішінде Клирингтік орталықтың клирингтік ұйым ретінде клирингтік қатысушылар болып табылатын клиенттердің Клирингтік орталыққа қойылатын нетто-талаптарының мәндерін көрсете отырып, клиринг нәтижелері туралы есебі;
 - 2) клиенттің қайтаруға немесе ақша аударымын жүзеге асыруға арналған өтініші.
6. Биржалық нарықтарда сауда-саттық бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру кезінде аударым операциялары осы Ережелерге сәйкес, сондай-ақ Клиринг орталығының тиісті биржалық нарықтардағы сауда-саттық бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыруды регламенттейтін ішкі құжаттарына сәйкес жүргізіледі.

8 бап.

Аударым операцияларын жүзеге асыру кезіндегі шектеулер

1. Клиент Биржада жасалған қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша есеп айырысу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған, клиент Биржаның және Клиринг орталығының ішкі құжаттарына сәйкес биржалық сауда-саттық бойынша есеп айырысулар бойынша өзге де міндеттемелерді орындамаған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында, оның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамада көзделген жағдайларда Клиринг орталығы клиенттің пайдасына аударым операцияларын жүзеге асыруды тоқтата тұруға немесе тоқтатуға құқылы.
2. Клиринг орталығы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Клиринг орталығының клиенттері болып табылмайтын үшінші тұлғалардың пайдасына ақша аударымын жүзеге асырмайды.
3. Клиенттің заңды тұлға ретінде жұмыс істеуі тоқтатылған кезде Клиринг орталығы Клиринг орталығы клиентінің құқықтық мирасқоры болып табылатын тұлғаның пайдасына клиентке тиесілі ақшаны аударуды жүзеге асырады.

3 бөлім. Айырбастау операциялары

9 бап.

Қолма-қол ақшасыз шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру

1. Клиринг орталығы қолма-қол ақшасыз шетел валютасымен айырбастау операцияларын Биржаның валюта нарығындағы клирингтік қызмет шеңберінде ғана жүзеге асырады.
2. Клиринг орталығы валюта нарығында орталық контрагенттің функцияларын

орындай отырып, әрбір сатып алушы үшін сатушы және әрбір сатушы үшін сатып алушы бола отырып, осы нарықта жасалған әрбір мәміле бойынша контрагент болады.

3. Клиринг ережелерінде анықталғандай, позицияны ауыстыру немесе дефолтты реттеу процедураларын жүргізу кезінде Клиринг орталығы қолма-қол ақшасыз шетел валютасымен айырбастау операцияларын:
 - 1) Клиринг орталығы Биржаның сауда-саттық жүйесіне өз атынан немесе клирингілік қатысушының атынан өтінімдер беру және осындай өтінімдер негізінде мәмілелер жасасу;
 - 2) Клиринг орталығына теңгемен немесе қандай да бір шетел валютасымен өтімділік беретін банкпен келісім және/немесе мәміле жасасу;
 - 3) әрбір мәміленің тараптары Клиринг орталығы және клирингілік қатысушы болып табылатын позицияларды ауыстыру немесе дефолтты реттеу кезінде теңгерімдеуші мәмілелер жасасу жолымен жүзеге асыра алады.
4. Клиринг қоғамының айырбастау операцияларын жүзеге асыру тәртібі, шарттары мен ерекшеліктері Клиринг қағидаларында белгіленген.

4 бөлім. Клиенттердің банк шоттарын ашу және жүргізу

10 бап.

Банк шоттары туралы жалпы ережелер

1. Клиринг орталығы Клиринг орталығы Биржаның "Биржалық қызметті жүзеге асыру ережесі" ішкі құжатына сәйкес есеп айырысу ұйымы болып табылатын биржалық нарықтарда жасалған қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру мақсатында ғана клиенттердің банк шоттарын ашады және жүргізеді, бірақ бұл ретте "Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережесі" ішкі құжатына сәйкес осы нарықтардағы орталық контрагенттің функцияларын орындамайды.
2. Клиринг орталығы теңгемен және Клиринг орталығының шетелдік банктерде және/немесе Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде, Ұлттық Банкте, "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ-да корреспонденттік шоттары ашылған шетелдік валюталарда банк шоттарын ашуға құқылы.
3. Клиринг орталығы клиенттердің ағымдағы және корреспонденттік шоттарын аша алады.

Ағымдағы шоттарды Клиринг орталығы банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар болып табылмайтын клиенттерге ашады.

Корреспонденттік шоттарды Клиринг орталығы банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар болып табылатын клиенттерге ашады.
4. Клиринг орталығы клиенттерінің банк шоттары Клиринг орталығы клиенттерінің меншікті қаражатын есепке алуға арналған шоттар (меншікті шоттар), клиенттік қаражатты есепке алуға арналған шоттар (клиенттік шоттар) немесе Клиринг орталығы клиенттерінің меншікті және клиенттік қаражатын есепке алуға арналған шоттар (жалпы шоттар) болып бөлінеді.

Клиенттік шоттар өз кезегінде Клиринг орталығы клиентінің клиенттері болып табылатын бірнеше немесе барлық тұлғалардың ақшасын есепке алуға арналған біріктірілген және Клиринг орталығы клиентінің клиенті

болып табылатын бір тұлғаның ақшасын есепке алуға арналған сегрегацияланған шоттар болып бөлінеді.

5. Клиринг орталығы клиенттерге ашатын банк шоттары бойынша операциялар қолма-қол ақшасыз нысанда ғана жүзеге асырылады.
6. Клиринг орталығы жеке клиент үшін:
бір валютадағы және (немесе) бір биржалық нарықтың қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша есеп айырысу және ол бойынша қамтамасыз етуді есепке алу үшін бірден аспайтын меншікті банктік шотын;
әртүрлі биржалық нарықтардың қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша есеп айырысу және олар бойынша қамтамасыз етуді есепке алу үшін бір біріктірілген және (немесе) әртүрлі валюталардағы көптеген біріктірілген және (немесе) сегрегирленген шоттарға дейін – шексіз көп клиенттік банк шоттарын;
егер оған Қазақстан Республикасының заңнамасында және Клиринг орталығының ішкі құжаттарында жол берілсе, бірден аспайтын жалпы шот аша алады.
7. Клиринг орталығының клиенттердің банк шоттарындағы ақшаны өз мүдделері үшін немесе үшінші тұлғалардың мүдделері үшін пайдалануға құқығы жоқ.
8. Клиринг орталығының, егер бұл:
 - 1) осы Ережелермен;
 - 2) Клиринг орталығының қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызметін жүзеге асырудың шарттары мен тәртібін анықтайтын Клиринг орталығының ішкі құжаттарымен немесе Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарымен;
 - 3) уәкілетті мемлекеттік органдардың шешімдерімен;
 - 4) Клиринг орталығына және (немесе) оның клиенттеріне қызмет көрсететін өзге де есепке алу, есеп айырысу немесе қызмет көрсететін банк ұйымдарының ережелерімен;
 - 5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделмеген болса, клиенттердің банк шоттарынан ақшаны аударуға, пайдалануға құқығы жоқ.
9. Клиринг орталығының банк шоттарын ашқаны және жүргізгені, олар бойынша жекелеген операцияларды жасағаны үшін комиссиялық алымдарының мөлшері Клиринг орталығының жеке ішкі құжаттарымен белгіленеді.
10. Ашылуын және жүргізілуін Клиринг орталығы жүзеге асыратын банк (ағымдағы немесе корреспонденттік) шотындағы ақша қалдығына сыйақы есептелмейді және төленбейді.

11 бап.

Клиенттердің банк шоттарын ашудың және жабудың жалпы шарттары

1. Клиринг орталығы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес банктік шотты ашу үшін қажетті құжаттарды ұсынған кезде клиентке банктік шоттың нөмірі болып табылатын жеке сәйкестендіру кодын бере отырып, тиісті түрде рәсімделген және Клиенттің Клиринг орталығына банктік (ағымдағы немесе корреспонденттік) шотты қосу келісім-шартын жасасу туралы банк операцияларын жүргізу кезінде құжаттарды рәсімдеу және орындау шарттары мен тәртібі туралы Клиринг орталығының арнайы ішкі құжатында анықталған нысан бойынша берген өтініші негізінде шетелдік немесе ұлттық валютада банктік (ағымдағы немесе

корреспонденттік шот) ашады.

2. Клиринг орталығына банк шотын ашу және жүргізу үшін қажетті құжаттар мен ақпараттардың тізбесі Клиринг орталығының банк операцияларын жүргізу кезінде құжаттарды рәсімдеу және орындау шарттары мен тәртібі туралы арнайы ішкі құжатында белгіленеді.

Ашылатын шоттың түріне және клиенттің құқық субъектілігіне қарай Клиринг орталығы клиенттің мәртебесін және (немесе) құқығын растайтын қосымша құжаттарды ұсынуды талап етуге құқылы.

3. Банк (ағымдағы немесе корреспонденттік) шотын қосу келісім-шартын жасасу туралы өтінішті алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Клиринг орталығының Басқармасы:

- 1) банктік (ағымдағы немесе корреспонденттік) шотты қосу келісім-шартын жасасу және банктік шотты ашу туралы өтінішті қанағаттандыру туралы; немесе

- 2) банк шотын ашудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

4. Клиринг орталығы қанағаттандырған (қабылдаған) банк (ағымдағы немесе корреспонденттік) шотын қосу келісім-шартын жасасу туралы өтініш негізінде банк (ағымдағы немесе корреспонденттік) шотын ашу туралы хабарлама Клиринг орталығының Басқармасы шешім қабылдаған күннен бастап үш күн ішінде Клиринг орталығының банк операцияларын жүзеге кезінде құжаттарды рәсімдеу және орындау шарттары мен тәртібі туралы арнайы ішкі құжатында анықталған нысан бойынша өтініш берушіге жіберіледі.

5. Клиент бірнеше шоттар ашқан жағдайда Клиринг орталығы клиенттің банк шотын ашу үшін көзделген құжаттарды қайта ұсынуын талап етпеуге құқылы.

6. Клиринг орталығы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша және Клиринг орталығының ішкі нормативтік құжаттарында көзделген құжаттар ұсынылмаған жағдайларда банк шотын ашудан бас тартуды жүзеге асырады.

Банк шотын ашудан бас тарту туралы хабарлама өтініш берушіге Клиринг орталығы Басқармасы шешім қабылдаған күннен бастап үш күн ішінде еркін нысанда жіберіледі.

7. Клиент банк шотын ашу үшін ұсынған құжаттарды құжаттардың электрондық көшірмелеріне көшіреді, Клиринг орталығы клиенттің банк (ағымдағы немесе корреспонденттік) шотын қосу келісім-шартын жасасу туралы өтінішімен бірге әрбір клиент бойынша арнайы жүргізілген істе тігеді және сақтайды. Істен құжаттарды алып қоюға жол берілмейді.

8. Банктік шоттарды жүргізу кезінде Клиринг орталығы клиенттің пайдасына банктік (ағымдағы немесе корреспонденттік) шотқа түсетін ақшаны қабылдайды (есептейді), клиенттің банк шотынан ақша аудару туралы нұсқауларын орындайды, Қазақстан Республикасының заңнамасына, Клиринг орталығының ішкі құжаттарына сәйкес және банк шотын қосу келісім-шартында көзделген және (немесе) Биржаның сауда жүйесінде жасалған қаржы құралдарымен мәмілелерді орындауға байланысты өзге де қызметтер көрсетеді.

9. Клиринг орталығы Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің талаптарына сәйкес уәкілетті органдардың тиісті шешімдерінің (қаулыларының), (), Клиринг орталығы Басқармасының және (немесе) Клиринг орталығы Директорлар кеңесінің тиісті шешімдерінің негізінде, сондай-ақ Клиринг орталығының ішкі құжаттарына сәйкес Клиенттің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруды/жаңартуды жүзеге асырады.

10. Клиенттің банк шотын жабуды Клиринг орталығы клиенттің қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша орындалмаған міндеттемелері немесе өзге де орындалмаған міндеттемелері болмаған жағдайда, егер заңнамада немесе осы Қағидаларда өзгеше көзделмесе, кез келген уақытта:
 - 1) клиенттің өтініші бойынша;
 - 2) клиенттің мүшелігі тоқтатыла тұрған немесе Биржаның жеке немесе барлық нарықтарында оның мүшелігінен айырылған жағдайда;
 - 3) Клиринг орталығынан банк (ағымдағы немесе корреспонденттік) шоттарын ашуға және жүргізуге берілген лицензияны қайтарып алған кезде;
 - 4) Клиринг орталығы қандай да бір биржалық нарықта есеп айырысу ұйымының функцияларын жүзеге асыруды тоқтатқан кезде;
 - 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Ережелерде немесе банктік (ағымдағы немесе корреспонденттік) шотты қосу келісім-шартында көзделген өзге де жағдайларда жүргізеді.
11. Клиенттің банктік шотын жабу үшін негіздер болған және онда ақша болмаған кезде Клиринг орталығы осы клиенттің банктік шотын жабады, бұл туралы ашылған банктік шоттар журналына жазба жасайды.

Клиенттің құжаттарының тіркеу папкасында ("істе") (немесе клиенттің электрондық құжатнамасында) банк шотын жабу негіздемесі көрсетілуге тиіс.
12. Банк шотына орындалмаған талаптар, оның ішінде уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың банк шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімдері және (немесе) өкімдері, клиенттің банк шотындағы ақшаға тыйым салу туралы актілер болған кезде клиенттің банк шотын жабуға жол берілмейді, бұған:

клиент заңды тұлғаның таратылуына немесе қайта ұйымдастырылуына;

шотта бір жылдан астам ақшаның болмауына;

шотта бір жылдан астам ақша қозғалысының болмауына;

Клиринг орталығының таратылуына;

жеке және заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашуға және жүргізуге арналған лицензиядан айырылған жағдайда Клиринг орталығының қайта ұйымдастырылуына байланысты шотты жабу жағдайлары кірмейді.
13. Клиринг орталығы банк қызметі және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамада көзделген негіздер бойынша және тәртіппен банктік шот келісім-шартын орындаудан бас тартады.

Клиринг орталығының:

банк шотына орындалмаған талаптар немесе мүлікке билік етуге уақытша шектеу туралы алынбаған актілер, уәкілетті мемлекеттік органдардың және (немесе) лауазымды тұлғалардың банк шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімдері және (немесе) өкімдері, сондай-ақ клиенттің банк шотындағы ақшаға тыйым салу туралы актілер;

Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес клиент ұсынатын экспортты (импортты) көздейтін валюталық келісім-шарт бойынша орындалмаған талаптар болған кезде банк шоты келісім-шартын орындаудан бас тартуына рұқсат берілмейді.
14. Клиенттің банктік шотын ашу немесе жабу кезінде Клиринг орталығы салық органдарын Салық кодексінде анықталған тәртіппен, жағдайларда және

мерзімде хабардар етеді, сондай-ақ клиентті осындай жабу туралы шот жабылған күннен кейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді.

15. Клиенттің барлық банк шоттарын жабу кезінде Клиринг орталығы жеке сәйкестендіру кодтарын жояды және Клиринг орталығымен банк шотын қосу келісім-шарты бұзылды деп есептеледі.

12 бап. Клиенттердің корреспонденттік шоттарын жабу ерекшеліктері

1. Клиринг орталығы корреспонденттік шотты жабуды осы Ережелердің 11 бабының 11 тармағында анықталған негіздер бойынша, сондай-ақ Клиринг қоғамының (респонденттің) клиентінен банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктік емес ұйым болып табылған жағдайда банк (аударым) операцияларын жүргізуге лицензияны қайтарып алған кезде жүргізеді.
2. Клиринг орталығы корреспондент ретінде таратылған жағдайда клиент-респонденттің Клиринг орталығына қойылатын талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қанағаттандырылады.
3. Клиринг орталығынан немесе клиент – респонденттен корреспонденттік шоттар ашуға және жүргізуге берілген лицензияны қайтарып алған немесе респондент корреспонденттік шотты жапқан жағдайда, Клиринг орталығы олардың арасындағы келісім-шарттың талаптарына сәйкес клиент – респондент көрсеткен шотқа ақша аударуды жүзеге асыруға міндетті.

13 бап. Банк қызметтерін көрсету процесінде туындайтын клиенттердің өтініштерін қарау тәртібі

1. Клиринг орталығының клиенттердің өтініштерін қарауы Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Ережелерде және Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады.

2. Басшы жұмыскерлер және есеп айырысу бөлімшесінің басшысы Клиринг орталығы Басқармасының Төрағасы бекіткен қабылдау кестесіне сәйкес клиенттер өкілдерін жеке қабылдауды жүргізеді.

Қабылдау Клиринг орталығының атқарушы органының орналасқан жері бойынша клиенттер өкілдерін қабылдау кестесінде анықталған уақыт бойынша жүргізіледі.

Егер өтінішті Клиринг орталығының басшы жұмыскері немесе есеп айырысу бөлімшесінің басшысы қабылдау кезінде шеше алмаса, клиент оны жазбаша нысанда баяндайды және онымен жазбаша өтініш ретінде жұмыс жүргізіледі.

3. Клиринг орталығы клиенттердің өтініштерін объективті, жан-жақты және уақтылы қарауды қамтамасыз етеді, оларды өтініштерін қарау нәтижелері және қабылданған шаралар туралы хабардар етеді.

Клиентке жазбаша өтінішті қарау нәтижелері туралы жазбаша жауап мемлекеттік тілде немесе өтініш тілінде беріледі және клиент баяндаған әрбір өтінішке негізделген және уәжді дәлелдерді, талапты, қолдау хатты, ұсынымды және Қазақстан Республикасы заңнамасының, Клиринг орталығының ішкі құжаттарының, қаралып отырған мәселеге қатысы бар келісім-шарттардың тиісті талаптарына сілтеме жасай отырып, өзге де мәселені, сондай-ақ оның қабылданған шешімге шағымдану құқығын түсіндіре отырып, қаралып отырған мәселенің нақты мән-жайларын қамтиды.

4. Клиенттің өтініші негізделген және заңды болған жағдайда Клиринг орталығы клиенттің құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуын жою және қалпына келтіру туралы шешім қабылдайды.
5. Өтініштерді талдау және қарауды бақылау функциялары Клиринг орталығы клиенттерін сүйемелдеу және мониторинг бөліміне жүктеледі және мыналарды қамтиды:
 - 1) тиісті өтініштің негізі болған себептерді анықтау және жою үшін Клиринг орталығы клиенттерінің өтініштерін талдау және қорыту;
 - 2) Клиринг орталығы клиенттерінің өтініштерімен жұмысты ұйымдастыруды жақсарту бойынша Клиринг орталығы үшін ұсынымдар әзірлеу;
 - 3) Клиринг орталығы клиенттерінің өтініштерін қарау нәтижелері бойынша Клиринг орталығының басшылығына осы қаржылық қызметтің барлық тұтынушыларына қатысты анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі қажетті шаралар және Клиринг орталығының қызметінде мұндай бұзушылықтарға жол бермеу үшін алдын алу шаралары туралы ұсыныстар енгізу.

14 бап.

Банк шоттарын жүргізу және олар бойынша операциялар жасау тәртібі

1. Клиринг орталығы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен банк шоттарын жүргізуді жүзеге асырады.

Клиенттердің банк шоттары бойынша барлық операциялар Клиринг орталығының ішкі есепке алу жүйесінде осындай операцияның барлық бөлшектері көрсетіле отырып, әрбір операция бөлігінде көрсетіледі.
2. Клиенттердің банк шоттары бойынша ақшаны есепке алу үшін Клиринг орталығының корреспонденттік шоттарына, сондай-ақ клиенттердің тиісті төлем құжаттарына клиенттерден ақшаның түсуі негіз болып табылады.
3. Клиенттің банк шотынан ақшаны есептен шығару үшін мынадай құжаттардың кез келгені негіз болып табылады:
 - 1) клирингілік ұйымның, оның ішінде Клиринг орталығының клирингілік ұйым ретінде клирингілік қатысушылар болып табылатын клиенттердің Клиринг орталығына қойылатын нетто-талаптарының мәндерін көрсете отырып, клиринг нәтижелері туралы есебі;
 - 2) клиенттің қайтаруға немесе ақша аударымын жүзеге асыруға арналған өтініші.
4. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, төлем құжаттарында және оларды кері қайтарып алу туралы немесе олардың орындалуын тоқтата тұру туралы өкімдерде кез келген түзетулерге жол берілмейді.
5. Клиринг орталығы нұсқауды орындаудан мынадай негіздер бойынша бас тартады:

клиент ақша аударымы туралы төлем құжатының мазмұнына, жасау және ұсыну тәртібіне қойылатын талаптарды және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Клиринг орталығының ішкі құжаттарында белгіленген өзге де талаптарды сақтамаған кезде;

банк шотында ақша аударуды жүзеге асыру үшін қажетті ақша сомасы (банк шотындағы ақшаның төмендемейтін қалдығын ескере отырып) болмаған кезде;

электрондық цифрлық қолтаңба дұрыс болмаған кезде не нұсқауға қол қойған тұлғаның қолтаңбасы қолда бар құжатта көрсетілген қолтаңба үлгісімен қолтаңба үлгілерімен сәйкес келмесе;

егер нұсқауда (қағаз тасымалдағышта) қолдан жасау, түзету, толықтыру және түзету белгілері болған жағдайда;

егер нұсқауда Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мәліметтер болмаса;

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарында және Клиринг орталығының ішкі құжаттарында көзделген өзге де жағдайларда.

6. Клиринг орталығы клиенттің нұсқауын және оны кері қайтарып алу не оның орындалуын тоқтата тұру туралы өкімді қабылдауды Қазақстан Республикасының заңнамасында және Клиринг орталығының ішкі құжаттарында белгіленген операциялық күн ішінде ғана жүзеге асырады. Егер клиенттің нұсқауы немесе оны кері қайтарып алу не оның орындалуын тоқтата тұру туралы өкім Клиринг орталығы белгілеген операциялық күн аяқталғаннан кейін алынса, онда мұндай нұсқауды немесе өкімді Клиринг орталығы келесі операциялық күннің басында алған деп есептеледі.
7. Клиринг орталығы клиенттен бас тарту себебін көрсете отырып, нұсқауды алған операциялық күн ішінде клиенттің нұсқауын орындаудан бас тартады.
8. Клиент Клиринг орталығына Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Клиринг орталығының ішкі құжаттарында белгіленген нысан бойынша, шарттарда және тәртіппен нұсқауды кері қайтарып алу туралы немесе орындауды тоқтата тұру туралы өкім беруге құқылы.

Нұсқаудың орындалуын тоқтата тұру немесе оны қайтарып алу Клиринг орталығы оны орындағанға дейін ғана мүмкін болады.

9. Клиринг орталығы клиенттің төлем құжатын кері қайтарып алу туралы немесе орындауды тоқтата тұру туралы өкімін орындаған жағдайда, Клиринг орталығы сондай-ақ осындай өкімді алған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей клиентке алынған өкімнің орындалғаны туралы хабарлама жібереді.
10. Клиенттің төлем құжатын кері қайтарып алу туралы немесе орындауды тоқтата тұру туралы өкімін орындаудан бас тартқан жағдайда Клиринг орталығы осындай өкімді алған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей клиентке бас тартуды негіздей отырып, алынған өкімді орындаудан бас тарту туралы хабарлама жібереді.
11. Электрондық тәсілмен ақша төлемдері мен аударымдары туралы нұсқауларды және оларды кері қайтарып алу туралы өкімдерді ұсыну, сондай-ақ Клиринг орталығы мен оның клиенттерінің өзара іс-қимылы үшін өзге де құжаттар мен ақпарат алмасу мынадай жүйелер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін:

- 1) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстандық банкаралық есеп айырысу орталығы" РМК ұсынатын банк хабарламаларымен алмасу жүйесі (БХАЖ);
- 2) S.W.I.F.T. ақпарат берудің және төлемдер жасаудың халықаралық банкаралық жүйесіне қол жеткізу үшін пайдаланылатын бағдарламалық қамтамасыз етуімен;
- 3) "eTransfer.kz" ақпарат беру жүйесі;
- 4) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстандық банкаралық есеп айырысу орталығы" РМК ұсынатын "АКҚАЖ" ақпарат көлігінің қаржылық автоматтандырылған жүйесі;
- 5) Клиринг орталығының ішкі құжаттарына сәйкес банк операцияларын жүргізу кезінде Клиринг орталығы және оның клиенттері (жекелеген уақыт кезеңінде немесе жекелеген нарықтарда) пайдалана алатын өзге де жүйе және Клиринг орталығының интернет-сайтында жарияланатын ақпарат.

12. Банк шоттары бойынша операциялар жасау кезінде Клиринг орталығы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Клиринг орталығының клиенттері болып табылмайтын үшінші тұлғалардың пайдасына ақша аударымын жүзеге асырмайды.

15 бап. Банк операцияларын жүзеге асыру кезіндегі шектеулер

1. Клиринг орталығы Қазақстан Республикасы заңнамасының, оның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнаманың талаптарына сәйкес банк операцияларын, сондай-ақ Клиринг орталығының ішкі құжаттарын тоқтата тұруға немесе жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.
2. Клиринг орталығы осы баптың 1 тармағына сәйкес тоқтатылған банк операцияларын жүргізуді Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі заңнамасына сәйкес қайта бастайды.

5 бөлім. Тұжырымды қағидалар

16 бап. Құпиялылық

1. Клиринг орталығы банк құпиясын, Клиринг орталығының клиенттері мен корреспонденттері, олардың Клиринг орталығымен банк қызметтерін алуға байланысты операциялары мен өзара қарым-қатынастары туралы, оның ішінде:
 - 1) клиенттердің банк шоттарының болуы, иелері және нөмірлері туралы;
 - 2) клиенттердің және Клиринг орталығының банк шоттарындағы ақша қалдықтары мен қозғалысы туралы;
 - 3) аударылған шоттардағы шектеулер туралы (мемлекеттік органдардың шығыс операцияларын тоқтата тұру, тыйым салу, кепілдіктер туралы шешімдері және/немесе өкімдері);
 - 4) төлемдер және/немесе ақша аударымдары бойынша операциялар жүргізу туралы;
 - 5) Клиринг орталығы клиенттерінің ақшалай талаптары мен міндеттемелері туралы ақпарат пен мәліметтердің құпиялылығын сақтайда және кепілдік береді.
2. Мұндай ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе Клиринг орталығының ішкі құжаттарына сәйкес ашылуға жататын жағдайларды қоспағанда, құпия ақпарат Клиринг орталығы клиентінің жазбаша келісімінсіз жария етілмейді.

16 бап. Тұжырымды қағидалар

1. Клиринг орталығының осы Ережелерде және Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарында реттеу тәртібі белгіленбеген банк операцияларын жүргізуге байланысты жағдайлар, сондай-ақ осындай операцияларды жүзеге асыруға байланысты кез келген даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге тиіс.

2. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары өзгерген жағдайларды қоспағанда, осы Ережелер қажеттілігіне қарай, бірақ осы Ережелер қолданысқа енгізілген күннен бастап есептелетін әрбір үш жылда кемінде бір рет өзектендіруге жатады.
3. Осы Ережелерге уақтылы өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізу (өзектендіру) үшін жауапкершілік Клиринг орталығының Есеп айырысу палатасына жүктеледі.

Басқарма Төрағасы

И.М. Сабитов

Аударым операцияларын жүргізу жөнінде қызметтер көрсету туралы

КЕЛІСІМ-ШАРТ

Бұдан әрі "Клиринг орталығы" деп аталатын "KASE клиринг орталығы" акционерлік қоғамы, бір тараптан және бұдан әрі әрі "Клиент" деп аталатын [Клиринг орталығы клиентінің толық атауы және оның ұйымдық-құқықтық нысаны], екінші тараптан, бұдан әрі әрқайсысы жекелей "Тарап" деп және бірге "Тараптар" деп аталып, қосылу келісім-шарты болып табылатын мына төмендегілер осы Аударым операцияларын жүргізу жөнінде қызметтер көрсету туралы келісім-шартты (бұдан әрі – Келісім-шарт) жасасты.

1 бап. Келісім-шарттың мәні

1. Келісім-шарттың мәні Тараптардың биржалық нарықтардағы сауда-саттық бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру кезінде аударым операцияларын жүргізуге байланысты және Банк операцияларын жүргізу ережелерімен (бұдан әрі – Ережелер), Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттелетін қатынастары болып табылады.
2. Осымен Клиент:
 - 1) Ережелермен және Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарымен танысқанын растайды, Клиринг орталығының көрсетілген ішкі құжаттары нормаларының мәнін түсінеді, сондай-ақ Клиринг орталығының көрсетілген ішкі құжаттарымен және олардың нормаларымен сөзсіз келіседі;
 - 2) Ережелерде және Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарында көзделген талаптарды сақтауға және міндеттерді орындауға міндеттенеді.

2 бап. Тараптардың жауапкершілігі

1. Тараптар Келісім-шартта және Клиринг орталығының ішкі құжаттарында көзделген өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында және Клиринг орталығының ішкі құжаттарында белгіленген шарттарда және тәртіппен жауапты болады.
2. Осымен Клиент Клиринг орталығының ішкі құжаттарында анықталған барлық тұрақсыздық айыбы (айыппұлдары), олардың мөлшері, оларды төлеу шарттары мен тәртібі туралы хабардар екенін растайды, сондай-ақ мұндай тұрақсыздық айыбымен (айыппұлдарымен), олардың мөлшерлері мен оларды төлеу тәртібімен сөзсіз келіседі.
3. Осы баптың талаптарын Тараптар Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 294 бабына сәйкес тұрақсыздық айыбы туралы келісіммен таниды.

3 бап. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары

1. Тараптар еңсерілмейтін күш мән-жайларының туындау салдары болған Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін бір-бірінің алдындағы жауапкершіліктен босатылады.

2. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары деп Тараптар болжай алмаған және Тараптардың Келісім-шарт бойынша міндеттерін орындауына тікелей әсер еткен табиғи апаттар, дүлей зілзалалар, соғыстар, әскери іс-қимылдар, террористік актілер, халықтық толқулар, заңнаманың өзгеруі, реттеуші (уәкілетті) органдардың іс-қимылдары мен шешімдері және басқа да осындай мән-жайлар түсініледі.
3. Еңсерілмейтін күш мән-жайы туындаған жағдайда Келісім-шарт бойынша міндеттерді орындау мерзімі осындай жағдай қолданылған уақытқа сәйкес кейінге шегеріледі.
4. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының туындауы салдарынан Келісім-шарт бойынша оның міндеттерін орындау мүмкін болмайтын Тарап осы мән-жайдың қолданылуы басталған және тоқтатылған күннен бастап 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей екінші Тарапты осындай мән-жайдың басталғаны (тоқтатылғаны) туралы хабардар етуге міндетті.
5. Тиісті органдар (ұйымдар) берген (шығарған, жариялаған, қабылдаған) құжат еңсерілмейтін күш мән-жайының басталғанын және тоқтатылғанын растау болып табылады.
6. Егер еңсерілмейтін күш мән-жайларының әрекеті бір айдан астам уақытқа созылған жағдайда, Тараптар Келісім-шарт бойынша өз міндеттерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, бұл ретте Тараптардың ешқайсысы басқа Тараптан қандай да бір шығындарды өтеуді талап етуге құқылы емес.

4 бап.

Келісім-шарттың қолданылу мерзімі және тұжырымды қағидалар

1. Келісім-шарт клиент Ережелерге 5 қосымшаның нысаны бойынша жасалған және Клиенттің бірінші басшысы немесе оны алмастыратын тұлға қол қойған Қоғамға өтініш берген сәттен бастап жасалған деп танылады. Бұл ретте Келісім-шарттың талаптары Тараптардың оны жасасқан күннен бастап туындаған қатынастарына қолданылады.
2. Келісім-шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.
3. Келісім-шарт Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Биржаның және Клиринг орталығының ішкі құжаттарында көзделген негіздер бойынша Клиенттің Биржаға мүшелігі тоқтатылған жағдайда не Клиринг орталығы осындай негіздер бойынша аударым операцияларын жүзеге асыруды тоқтатқан жағдайда өз қолданысын тоқтатады.

Ережелерге немесе Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарына қандай да бір өзгертулермен және/немесе толықтырулармен келіспеген жағдайда Клиент Келісім-шартты орындаудан бас тартуға құқылы. Бұл ретте мұндай бас тарту Аударым операциялары бойынша клиринг орталығының қызметтерін алудан ерікті түрде бас тартуға теңестіріледі және осындай бас тарту туралы өтініште көрсетілген күннен бастап Келісім-шарт бұзылды деп есептеледі.
4. Клиринг орталығының Клиентінің Қазақстан Республикасының заңнамасында және Клиринг орталығының ішкі құжаттарында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Келісім-шарт бойынша өзінің құқықтарын және/немесе міндеттерін үшінші тұлғаларға беруге (табыстауға) құқығы жоқ.
5. Клиринг орталығының заңды мекен-жайы, деректемелері мен ішкі құжаттары Клиринг орталығының интернет-сайтында жарияланады.

Айырбастау операцияларын жүргізу жөнінде қызметтер көрсету туралы

КЕЛІСІМ - ШАРТ

Бұдан әрі "**Клиринг орталығы**" деп аталатын "KASE клиринг орталығы" акционерлік қоғамы, бір тараптан және бұдан әрі әрі "**Клиент**" деп аталатын [Клиринг орталығы клиентінің толық атауы және оның ұйымдық-құқықтық нысаны], екінші тараптан, бұдан әрі әрқайсысы жекелей "**Тарап**" деп және бірге "**Тараптар**" деп аталып, қосылу келісім-шарты болып табылатын мына төмендегілер туралы осы Айырбастау операцияларын жүргізу жөнінде қызметтер көрсету туралы келісім-шартты (бұдан әрі – Келісім-шарт) жасасты.

1 бап. Келісім-шарттың мәні

1. Клиринг орталығының орталық контрагент функцияларын орындауымен Биржаның валюта нарығында клирингті жүзеге асыру кезінде айырбастау операцияларын жүргізуге байланысты және Банк операцияларын жүргізу Ережелерімен (бұдан әрі – Ережелер), Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттелетін Тараптардың қатынастары Келісім-шарттың мәні болып табылады.
2. Осымен Клиент:
 - 1) Ережелермен және Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарымен танысқанын растайды, Клиринг орталығының көрсетілген ішкі құжаттары нормаларының мәнін түсінеді, сондай-ақ Клиринг орталығының көрсетілген ішкі құжаттарымен және олардың нормаларымен сөзсіз келіседі;
 - 2) Ережелерде және Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарында көзделген талаптарды сақтауға және міндеттерді орындауға міндеттенеді.

2 бап. Тараптардың жауапкершілігі

1. Тараптар Келісім-шартта және Клиринг орталығының ішкі құжаттарында көзделген өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында және Клиринг орталығының ішкі құжаттарында белгіленген шарттарда және тәртіппен жауапты болады.
2. Осымен Клиент Клиринг орталығының ішкі құжаттарында анықталған барлық тұрақсыздық айыбы (айыппұлдары), олардың мөлшері, оларды төлеу шарттары мен тәртібі туралы хабардар екенін растайды, сондай-ақ мұндай тұрақсыздық айыбымен (айыппұлдарымен), олардың мөлшерлері мен оларды төлеу тәртібімен сөзсіз келіседі.
3. Осы баптың талаптарын Тараптар Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 294 бабына сәйкес тұрақсыздық айыбы туралы келісіммен таниды.

3 бап. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары

1. Тараптар еңсерілмейтін күш жағдайларының туындау салдары болған Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін бір-бірінің алдындағы жауапкершіліктен босатылады.
2. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары деп Тараптар болжай алмаған және Тараптардың Келісім-шарт бойынша міндеттерін орындауына тікелей әсер еткен табиғи апаттар, дүлей зілзалалар, соғыстар, әскери іс-қимылдар, террористік актілер, халықтық толқулар, заңнаманың өзгеруі, реттеуші (уәкілетті) органдардың іс-қимылдары мен шешімдері және басқа да осындай мән-жайлар түсініледі.
3. Еңсерілмейтін күш мән-жайы туындаған жағдайда Келісім-шарт бойынша міндеттерді орындау мерзімі осындай жағдай қолданылған уақытқа сәйкес кейінге шегеріледі.
4. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының туындауы салдарынан Келісім-шарт бойынша оның міндеттерін орындау мүмкін болмайтын Тарап осы мән-жайдың қолданылуы басталған және тоқтатылған күннен бастап 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей екінші Тарапты осындай мән-жайдың басталғаны (тоқтатылғаны) туралы хабардар етуге міндетті.
5. Тиісті органдар (ұйымдар) берген (шығарған, жариялаған, қабылдаған) құжат еңсерілмейтін күш мән-жайының басталғанын және тоқтатылғанын растау болып табылады.
6. Егер еңсерілмейтін күш мән-жайларының әрекеті бір айдан астам уақытқа созылған жағдайда, Тараптар Келісім-шарт бойынша өз міндеттерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, бұл ретте Тараптардың ешқайсысы басқа Тараптан қандай да бір шығындарды өтеуді талап етуге құқылы емес.

4 бап. Келісім-шарттың қолданылу мерзімі және тұжырымды қағидалар

1. Келісім-шарт клиент Ережелерге 5 қосымшаның нысаны бойынша жасалған және Клиенттің бірінші басшысы немесе оны алмастыратын тұлға қол қойған Қоғамға өтініш берген сәттен бастап жасалған деп танылады. Бұл ретте Келісім-шарттың талаптары Тараптардың оны жасасқан күннен бастап туындаған қатынастарына қолданылады.
2. Келісім-шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.
3. Келісім-шарт Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Биржаның және Клиринг орталығының ішкі құжаттарында көзделген негіздер бойынша Клиенттің Биржаға мүшелігі тоқтатылған жағдайда не Клиринг орталығы осындай негіздер бойынша аударым операцияларын жүзеге асыруды тоқтатқан жағдайда өз қолданысын тоқтатады.

Ережелерге немесе Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарына қандай да бір өзгертулермен және/немесе толықтырулармен келіспеген жағдайда Клиент Келісім-шартты орындаудан бас тартуға құқылы. Бұл ретте мұндай бас тарту Аударым операциялары бойынша клиринг орталығының қызметтерін алудан ерікті түрде бас тартуға теңестіріледі және осындай бас тарту туралы өтініште көрсетілген күннен бастап Келісім-шарт бұзылды деп есептеледі.
4. Клиринг орталығының Клиентінің Қазақстан Республикасының заңнамасында және Клиринг орталығының ішкі құжаттарында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Келісім-шарт бойынша өзінің құқықтарын және/немесе міндеттерін үшінші тұлғаларға беруге (табыстауға) құқығы жоқ.
5. Клиринг орталығының заңды мекен-жайы, деректемелері мен ішкі құжаттары Клиринг орталығының интернет-сайтында жарияланады.

Банк операцияларын
жүргізу ережелеріне

3 қосымша

Банктік ағымдағы шотты қосу

КЕЛІСІМ - ШАРТЫ

Осы банктік ағымдағы шотты қосу келісім-шарты (бұдан әрі – Келісім-шарт) Қазақстан Республикасының ұлттық және шетел валютасындағы банк заңнамасында көзделген операцияларды жүргізуге 20__ жылдың "___" _____ № _____ лицензиясы бар "KASE клиринг орталығы" АҚ (бұдан әрі – Клиринг орталығы) мен Клиринг орталығының клиенті (бұдан әрі – Клиент) арасында жасалды және Клиенттің банктік ағымдағы шотын (бұдан әрі – шот) ашуға, жүргізуге және жабуға байланысты қатынастарды реттейді.

Клиринг орталығы мен Клиент бұдан әрі Тараптар, ал жеке алғанда – Тарап деп аталады.

1 бап. Келісім-шарттың мәні

1. Клиринг орталығы Клиентке Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банк операцияларын жүргізу ережелеріне (бұдан әрі – Ережелер), Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарына және Келісім-шартқа сәйкес Клиенттің Келісім-шарт жасасу туралы Клиринг орталығы қанағаттандырған жазбаша өтініші негізінде және Клиенттен шот ашу және жүргізу үшін барлық қажетті құжаттарды қабылдағаннан кейін шот ашады және оған банк қызметтерінің кешенін ұсынады.
2. Келісім-шарт жасасу туралы өтінішке қол қоя отырып, Клиент Клиринг орталығының ішкі құжаттарында және оларға тұтастай алғанда кейінгі өзгертулер мен толықтыруларда белгіленген шотты ашудың, жүргізудің және жабудың, комиссиялық алымдар мен тұрақсыздық айыбын төлеудің барлық міндеттемелері мен шарттарын өзіне қабылдайды, сондай-ақ Ережелер мен осы Келісім-шарттың барлық нормалары Клиенттің мүдделері мен ерік білдіруіне толық көлемде сәйкес келетінін растайды.

2 бап. Шот бойынша жүзеге асырылатын операциялар

1. Клиринг орталығы Қазақстан Республикасы заңнамасының (бұдан әрі – заңнама), Ережелердің, Келісім-шарттың және Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес:
 - 1) Клиринг орталығы Клиентінің шоттары бойынша бар міндеттемелерді қамтамасыз ету және (немесе) орындау мақсатында Клиринг орталығының клиринг жүйесінің; немесе
 - 2) Клиринг орталығындағы банк шоттарынан оның өзге де қызмет көрсететін банк ұйымдарындағы банк шоттарына ғана ақша аудару бойынша Клиенттің өкімдердің (төлем құжаттарының) түсуі тәртібімен банк қызметтерін көрсетеді және Клиенттің шоты бойынша операцияларды жүзеге асырады.
2. Клиент банк қызметтері үшін комиссиялық алымдарды, тұрақсыздық айыбын төлейді және (немесе) Клиринг орталығының банк қызметтерін көрсеткені үшін комиссиялық алымдар туралы арнайы ішкі құжатында белгіленген шарттарда және тәртіппен Клиринг орталығының шығыстарын өтейді.
3. Клиринг орталығы Клиенттің шоты бойынша ақша қалдығына сыйақы есептеуді жүзеге асырмайды.

3 бап. Тараптардың құқықтары

1. Клиенттің:
 - 1) заңнамада, Ережелерде және Келісім-шартта көзделген шектеулерді ескере отырып, шоттардағы ақшаға дербес билік етуге;
 - 2) Клиринг орталығына Ережелерде және (немесе) биржалық нарықтарда қаржы құралдарының сауда-саттық нәтижелері бойынша төлемдерді жүзеге асыру регламенттерімен бірге өзге де құжаттарда белгіленген шарттарда және тәртіппен шоттардағы ақша сомалары шегінде нұсқаулар (төлем құжаттары) беруге;
 - 3) Клиринг орталығынан шоттар бойынша үзінділер мен өзге де есептік құжаттарды мерзімді немесе тиісті сұрау салу бойынша алуға;
 - 4) Клиринг орталығынан Клиринг орталығының ішкі құжаттарында және заңнамада белгіленген көлемде және тәртіппен өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты алуға;
 - 5) Клиринг орталығының ішкі құжаттарында және заңнамада көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.
2. Клиринг орталығының:
 - 1) егер заңнама, Ережелер және (немесе) Клиринг орталығының ішкі құжаттары талап еткен жағдайда, Клиенттің қандай да бір қосымша келісімінсіз шот ашу, жүргізу, жабу және (немесе) шот бойынша жеке операцияны жүргізу үшін қажетті құжаттар тізбесіне өзгертулер енгізуге және клиенттен оларды уақтылы ұсынуды талап етуге;
 - 2) Клиринг орталығының ішкі құжаттарын дербес қабылдауға, Ережелерде көзделген тәртіппен Қоғам клиенттерін хабардар ете отырып, оларға өзгертулер мен толықтырулар енгізуге;
 - 3) Клиентпен автоматтандырылған өзара іс-қимылды ұйымдастыру және деректер беру үшін электрондық құжаттармен алмасу жүйесін (ЭҚАЖ) анықтауға;
 - 4) жүргізуді Клиринг орталығы жүзеге асыратын Клиенттің шоттарын тікелей дебеттеуге, оның ішінде:
 - қаржы құралдарымен биржалық сауда-саттық нәтижелері бойынша Клиенттің ақшалай міндеттемелерін;
 - Клиринг орталығына Клиенттің берешегін төлеу үшін қажетті комиссиялық алымдарды, тұрақсыздық айыбын және өзге де ақшаны;
 - Клиенттің шотына қате есептелген ақшаны;
 - Клиринг орталығының Ережелерде көзделген тәртіппен шот бойынша түзеу (түзету) операцияларын (жазбаларын) жасауы үшін қажет болған жағдайларда;
 - Ережелерде және Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарында белгіленген өзге де жағдайларда дебеттеуге;
 - 5) Клиент Келісім-шарттың талаптарын бұзған жағдайда өз талаптарын қанағаттандыру мақсатында тікелей дебеттеу жолымен шоттағы ақшадан өндіріп алу құқығымен, сондай-ақ:

Клиринг орталығына шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы, шоттағы ақшаға тыйым салу туралы уәкілетті мемлекеттік органдардың және (немесе) лауазымды тұлғалардың шешімдері, қаулылары келіп түскен, сондай-ақ заңнамаға сәйкес шотты тікелей дебеттеуге құқығы бар үшінші тұлғалардың нұсқаулары түскен жағдайда;

Келісім-шартта және (немесе) заңнамада көзделген өзге де жағдайларда шотты бұғаттауға, шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға;

- 6) шот бойынша шығыс операцияларын олар заңнама, Ережелер талаптарына сәйкес келмеген және (немесе) ұйымдастырылған (биржалық) қаржы құралдары нарығындағы қызметке қатысы жоқ жағдайда орындаудан бас тартуға (жүзеге асыруға тыйым салуға);
- 7) Клиент Клиринг орталығына кінәрат, талап-арыз берген жағдайда тиісті кеңес беру, заң қызметтерін ұсынатын үшінші тұлғаларға (бұдан әрі – кеңес берушілер) Клиентпен даулы қатынастар бойынша кеңес, қорытындылар алу үшін жүгінуге құқығы бар. Бұл ретте Клиринг орталығы кеңес берушілерге Клиент туралы және Клиринг орталығы оның атына ашқан шоттар туралы кез келген кінәратты, талап-арызды, оның ішінде коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты беруге құқылы;
- 8) Клиент комиссиялық алымдарды, тұрақсыздық айыбын төлемеген жағдайда немесе Клиринг орталығының ішкі құжаттарына сәйкес Клиринг орталығының шығыстарын өтемеген жағдайда Клиенттің шоттар бойынша операциялар жүргізуге арналған өкімдерін орындамауға;
Тартуға немесе қайта ұйымдастыруға байланысты шоттарды жабу жағдайларын қоспағанда, Клиенттің оған қойылатын орындалмаған талаптары болған кезде Клиентке шоттарды жабудан бас тартуға;
- 9) Қоғамның немесе Клиенттің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымдарға Клиенттің шоттарындағы ақшаның болуы және қозғалысы туралы ақпаратты, сондай-ақ аудит үшін қажетті өзге де ақпаратты беруге;
- 10) Клиринг орталығының ішкі құжаттарында және заңнамада көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

4 бап.

Тараптардың міндеттері

1. Клиент:

- 1) заңнаманың, Ережелердің, Келісім-шарттың және Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарының талаптарын білуге және сақтауға;
- 2) Клиринг орталығына заңнамаға, Ережелерге және Келісім-шартқа сәйкес тиісті түрде рәсімделген хабарламаларды (төлем құжаттарын) ұсына отырып, шот бойынша операцияларды жүзеге асыру туралы заңнамаға қайшы келмейтін нұсқауларды жіберуге;
- 3) Клиринг орталығынан алынған және оның ішінде биржалық куәліктерде, Биржаның сауда-саттық жүйелерінің есептерінде, Клиринг орталығының клиринг-есеп айырысу жүйелерінде, электрондық хабарламаларда, үзінділерде және өзге де құжаттарда көрсетілген барлық ақпаратты дереу тексеруге; Клиринг орталығының қаржы құралдарымен жасалған мәмілелерді (олар бойынша есеп айырысуды Клиринг орталығы дербес жүзеге асырады), Клиенттің өзге де тапсырмаларын қамтамасыз етуді (жарияланған баға белгілеуді) және (немесе) орындауын бақылаудың дұрыстығын тексеруге;

Егер Клиент қандай да бір дәлсіздіктерді, дұрыс емес және (немесе) толық орындалмағанын, рұқсатсыз операциялардың бар екенін анықтаса, онда Клиент бұл туралы Клиринг орталығын ауызша немесе жазбаша нысанда дереу хабардар етуге тиіс;

- 4) Клиринг орталығын шот ашу кезінде ұсынылған құжаттардағы өзгерістер туралы он жұмыс күні ішінде хабардар етуге;
 - 5) шотқа қате есептелген ақшаны қайтаруға кедергі келтірмеуге немесе ықпал етуге, сондай-ақ шотқа ақшаны қате есептеу фактісі анықталған жағдайда бұл туралы Клиринг орталығын дереу хабардар етуге;
 - 6) Клиринг орталығының ішкі құжаттарында көзделген шарттарда және тәртіппен Клиринг орталығына банк қызметтерін және өзге де төлемдерді төлеуге;
 - 7) Клиринг орталығының ішкі құжаттарына сәйкес клиенттің (-тердің) қызметіне қатысты және Клиринг орталығының органдары қабылдаған шешімдерді тануға және осындай шешімдерді орындауға;
 - 8) Клиринг орталығының ішкі құжаттарына сәйкес өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, тұрақсыздық айыбын, оның ішінде, бірақ шектелмей: комиссиялық алымдарды төлемегені (уақтылы немесе толық төлемегені) үшін; жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысу мерзімдерін бұзғаны үшін, қамтамасыз ету (толық немесе ішінара) шотына жеткізу міндеттемелерін орындамағаны үшін және басқалары үшін төлеуге міндетті. Тұрақсыздық айыбының мөлшері мен төлеу тәртібі Клиринг орталығының ішкі құжаттарымен анықталады.
2. Клиринг орталығы:
- 1) Клиент шот ашу үшін қажетті және жеткілікті ақпарат пен құжаттарды ұсынған және шот ашудан бас тарту үшін негіздер болмаған кезде Клиентке оның өтінішіне сәйкес шот ашуға;
 - 2) заңнамаға, Ережелерге және Келісім-шартқа сәйкес Клиенттің шоттары бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға;
 - 3) Клиринг орталығының деректерді (құжаттарды) есепке алу және беру жөніндегі банктік (автоматтандырылған) жүйелерін тиісті жағдайда ұстауға;
 - 4) қажет болған кезде валюталық бақылау агентінің заңнамада белгіленген функцияларын жүзеге асыруға;
 - 5) Клиент қайта аталған, ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген, электрондық кілттер бұзылған жағдайда Клиентке жаңа кілттер алу үшін бес жұмыс күнін беруге;
 - 6) Клиентті Ережелерге енгізілетін барлық өзгерістер туралы заңнамада және Ережелерде белгіленген мерзімде хабардар етуге міндетті.
Клиентке Клиринг орталығының тоқсан сайынғы қаржылық есеп берушілігімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті, оның негізінде Клиент тәуекелдерді бақылау және азайту мақсатында Клиринг орталығының қаржылық жай-күйін талдайды;
 - 7) Клиринг орталығының ұйымдық-құқықтық нысаны, банктік, пошта деректемелері, атауы өзгерген жағдайда (жойылмайтын немесе жойылуы қиын салдар туындағанға дейін) бұл туралы Клиентті дереу хабардар етуге;
 - 8) заңнамада, Ережелерде және Келісім-шартта белгіленген жағдайларды қоспағанда, Клиенттің шоттарындағы ақшаның болуы және қозғалысы туралы ақпаратты жария етпеуге;
 - 9) заңнамада, Ережелерде және Келісім-шартта көзделген жағдайларда шоттарды жабуға міндетті.
3. Тараптар:
- 1) заңнама мен Ережелердің талаптарын сақтауға;

- 2) Клиенттің шоттары бойынша жүргізілген операцияларды тексеруді (салыстыруды) жүзеге асыру, шоттар бойынша қалдықтарды салыстырып тексеру нәтижесінде анықталған қате (алшақтық), анықталған жағдайда, қатені (алшақтықты) тапқан Тарап қателік (алшақтық) анықталған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде осы қателік (алшақтық) туындау себептерін бірлесіп анықтау және жою мақсатында екінші Тарапқа жүгінуге міндетті;
- 3) заңнамаға сәйкес Келісім-шартпен реттелетін қатынастарды белгілеу үшін болуы міндетті лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұру, одан айыру туралы уәкілетті органның тиісті хабарламасын алғаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей бір-бірін хабардар етуге;
- 4) Клиринг орталығының ішкі құжаттарында және заңнамада көзделген бір-бірінің алдындағы өзге де міндеттемелерді орындауға міндетті.

5 бап.

Ақша төлемдері мен аударымдары кезінде ақпарат алмасу тәртібі

1. Төлем құжаттарын беру тәртібі, Клиент пен Клиринг орталығы арасындағы төлемдер және (немесе) ақша аударымдары туралы ақпарат және құжаттар алмасу тәсілдері заңнамамен және Клиринг орталығының ішкі құжаттарымен белгіленеді.

6 бап.

Жауапкершілік

1. Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді бұзғаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар заңнамаға, Ережелерге және Келісім-шартқа сәйкес жауапты болады.
2. Егер Клиенттің төлем тапсырмасында көрсетілген төлем сомасы шот бойынша (бар болса) төмендетілмейтін ақша қалдығының мөлшерін шегергендегі шоттағы ақша сомасынан асып кетсе, Клиринг орталығы Клиенттің оның шоты бойынша өкімін орындамағаны үшін жауапты болмайды.
3. Тараптар бір-біріне нақты залал мөлшерінде Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындамаудан немесе тиісінше орындамаудан туындаған залалдар келтірілген жағдайда заңнамаға сәйкес өзара жауапкершілікте болады.
4. Міндеттемелерді орындамағаны немесе уақтылы орындамағаны үшін Тараптар төлейтін тұрақсыздық айыбының мөлшері Ережелерде және (немесе) Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарында анықталады.
5. Клиринг орталығы немесе Клиент банк операцияларын жүзеге асыру процесінде немесе нәтижесінде жауап бермейтін жағдайлар Ережелерде анықталған.

7 бап. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары

1. Заңнама мен Клиринг орталығының ішкі құжаттарының анықтамаларына сәйкес еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайларының туындауы салдарынан Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді ішінара және (немесе) толық орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Тараптар бір-бірінің алдында жауапты болмайды.
2. Еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайларының тізбесі мен сипаты, сондай-ақ олар туындаған жағдайда іс-әрекеттер Ережелерде анықталған.
3. Тараптар міндеттемелерді орындауға әсер ететін кедергі мен оның салдары Тараптардың біріне белгілі болғаннан кейін бірден форс-мажорлық мән-жайлардың туындағаны туралы бір-бірін хабардар етуге міндеттенеді.

Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындау осындай мән-жайлардың қолданылуы кезеңіне тоқтатыла тұрады. Форс-мажорлық мән-жайлардың басталу фактісі тиісті құжаттармен расталуға тиіс.
4. Еңсерілмейтін күштің (форс-мажордың) қолданылуы тоқтатылған кезде Тараптар Келісім-шарт бойынша алынған міндеттемелерді тиісінше орындау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.
5. Егер форс-мажорлық жағдайлардың қолданылу кезеңі үш айдан астам уақытқа созылса, Тараптар өзара келісім бойынша Келісім-шартты бұзуға құқылы.

8 бап. Дауларды шешу тәртібі

1. Келісім-шарттың талаптарын орындау процесінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар бір-бірінің мүдделерін ескере отырып, оларды соттан тыс тәртіппен реттеу үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға міндеттенеді.
2. Тараптардың даулары мен келіспеушіліктерін реттеу Ережелерде анықталған тәртіппен және заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

9 бап. Келісім-шарттың қолданылу мерзімі

1. Келісім-шарт Қоғам Клиентке берген шот ашу туралы хабарламада көрсетілген күннен бастап күшіне енеді және заңнамада, Ережелерде және Келісім-шартта көзделген жағдайларда өз қолданысын тоқтатады.
2. Келісім-шартты бұзу туралы келісімге қол қойылған сәтте өзара талаптар болмаған кезде ғана, сондай-ақ заңнамада, Ережелерде және Келісім-шартта белгіленген өзге де жағдайларда Келісім-шарт Тараптардың келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.
3. Тараптардың әрқайсысы Келісім-шартты бұзу болжанған күнге дейін отыз жұмыс күні бұрын және заңнамада және Ережелерде белгіленген шарттардың сақталуын ескере отырып, бұл туралы екінші Тарапты жазбаша хабардар ете отырып, біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.
4. Келісім-шартты тоқтату Тараптарды Келісім-шарттың талаптарына сәйкес оның қолданылу мерзімі тоқтатылғанға дейін туындаған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.
5. Клиринг орталығының ішкі құжаттарында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Клиринг орталығының клиентінің Келісім-шарт бойынша өзінің құқықтарын және (немесе) міндеттерін үшінші тұлғаларға беруге (табыстауға) құқығы жоқ.

10 бап. Тұжырымды қағидалар

1. Осымен Клиент Клиринг орталығының заңнаманың және Клиринг орталығының ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес Клиенттің банктік, коммерциялық құпиясын және өзге де қорғалатын ақпаратын (бұдан әрі – Құпия ақпарат) ашуға өзінің қайтарып алынбайтын және сөзсіз келісімін береді.
2. Осымен Клиринг орталығының Клиенті Клиринг орталығына осы келісімді беруге байланысты Клиенттің Клиринг орталығына, оның ішінде Келісім-шарт жасасу кезінде де, сондай-ақ болашақта да мүлдіктік талаптары болмайтынына және Клиринг орталығы Клиент алдында заңнаманың және Клиринг орталығының ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес Құпия ақпаратты ашқаны үшін жауапты болмайтынын растайды және кепілдік береді.
3. Келісім-шарт заңнамаға және Клиринг орталығының ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді және Клиринг орталығының банк операцияларын жүргізу шарттары мен тәртібін регламенттейтін ішкі құжаттарына қосылу келісім-шарты болып табылады.
4. Осымен Клиринг орталығының Клиенті Клиринг орталығының барлық ішкі құжаттарымен танысқанын растайды, Клиринг орталығының ішкі құжаттарының барлық қағидаларының, шарттары мен талаптарының мәнін түсінеді, сондай-ақ Клиринг орталығының барлық ішкі құжаттарымен және олардың қағидаларымен, шарттарымен және талаптарымен сөзсіз келіседі.
5. Бір немесе екі Тарап қайта ұйымдастырылған кезде Келісім-шарттың талаптары өзінің заңды күшін жоғалтпайды және құқықтық мирасқорларға ауыстырылады.

11 бап. Тараптардың заңды мекен-жайлары және өзге де деректемелері

1. Қоғамның заңды мекен-жайы мен деректемелері Клиринг орталығының интернет-сайтында жарияланады.
2. Клиенттің Клиринг орталығына қажетті заңды мекен-жайын және өзге де деректемелерін Клиент Келісім-шарт жасасу туралы өтініш берген кезде және кейіннен олар өзгерген жағдайда береді.

Банк операцияларын жүргізу ережелеріне

4 қосымша

Банктік корреспонденттік шотты қосу

КЕЛІСІМ - ШАРТЫ

Осы банктік корреспонденттік шотты қосу келісім-шарты (бұдан әрі – Келісім-шарт) Қазақстан Республикасының ұлттық және шетел валютасындағы банк заңнамасында көзделген операцияларды жүргізуге 20__ жылдың "___" _____ № _____ лицензиясы бар "KASE клиринг орталығы" АҚ (бұдан әрі – Клиринг орталығы) мен Клиринг орталығының клиенті (бұдан әрі – Клиент) арасында жасалды және Клиенттің банктік корреспонденттік шотын (бұдан әрі – шот) ашуға, жүргізуге және жабуға байланысты қатынастарды реттейді.

Клиринг орталығы мен Клиент бұдан әрі Тараптар, ал жеке алғанда – Тарап деп аталады.

1 бап. Келісім-шарттың мәні

1. Клиринг орталығы Клиентке Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банк операцияларын жүргізу ережелеріне (бұдан әрі – Ережелер), Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарына және Келісім-шартқа сәйкес Клиенттің Келісім-шарт жасасу туралы Клиринг орталығы қанағаттандырған жазбаша өтініші негізінде және Клиенттен шот ашу және жүргізу үшін барлық қажетті құжаттарды қабылдағаннан кейін шот ашады және оған банк қызметтерінің кешенін ұсынады.
2. Келісім-шарт жасасу туралы өтінішке қол қоя отырып, Клиент Клиринг орталығының ішкі құжаттарында және оларға тұтастай алғанда кейінгі өзгертулер мен толықтыруларда белгіленген шотты ашудың, жүргізудің және жабудың, комиссиялық алымдар мен тұрақсыздық айыбын төлеудің барлық міндеттемелері мен шарттарын өзіне қабылдайды, сондай-ақ Ережелер мен осы Келісім-шарттың барлық нормалары Клиенттің мүдделері мен ерік білдіруіне толық көлемде сәйкес келетінін растайды.

2 бап. Шот бойынша жүзеге асырылатын операциялар

1. Клиринг орталығы Қазақстан Республикасы заңнамасының (бұдан әрі – заңнама), Ережелердің, Келісім-шарттың және Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес:
 - 1) Клиринг орталығы Клиентінің шоттары бойынша бар міндеттемелерді қамтамасыз ету және (немесе) орындау мақсатында Клиринг орталығының клиринг жүйесінің; немесе
 - 2) Клиринг орталығындағы банк шоттарынан оның өзге де қызмет көрсететін банк ұйымдарындағы банк шоттарына ғана ақша аудару бойынша Клиенттің өкімдердің (төлем құжаттарының) түсуі тәртібімен банк қызметтерін көрсетеді және Клиенттің шоты бойынша операцияларды жүзеге асырады.
2. Клиент банк қызметтері үшін комиссиялық алымдарды, тұрақсыздық айыбын төлейді және (немесе) Клиринг орталығының банк қызметтерін көрсеткені үшін комиссиялық алымдар туралы арнайы ішкі құжатында белгіленген шарттарда және тәртіппен Клиринг орталығының шығыстарын өтейді.
3. Клиринг орталығы Клиенттің шоты бойынша ақша қалдығына сыйақы есептеуді жүзеге асырмайды.

3 бап. Тараптардың құқықтары

1. Клиенттің:

- 1) заңнамада, Ережелерде және Келісім-шартта көзделген шектеулерді ескере отырып, шоттардағы ақшаға дербес билік етуге;
- 2) Клиринг орталығына Ережелерде және (немесе) биржалық нарықтарда қаржы құралдарының сауда-саттық нәтижелері бойынша төлемдерді жүзеге асыру регламенттерімен бірге өзге де құжаттарда белгіленген шарттарда және тәртіппен шоттардағы ақша сомалары шегінде нұсқаулар (төлем құжаттары) беруге;
- 3) Клиринг орталығынан шоттар бойынша үзінділер мен өзге де есептік құжаттарды мерзімді немесе тиісті сұрау салу бойынша алуға;
- 4) Клиринг орталығынан Клиринг орталығының ішкі құжаттарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген көлемде және тәртіппен өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты алуға;
- 5) Клиринг орталығының ішкі құжаттарында және заңнамада көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

2. Клиринг орталығының:

- 1) егер заңнама, Ережелер және (немесе) Клиринг орталығының ішкі құжаттары талап еткен жағдайда, Клиенттің қандай да бір қосымша келісімінсіз шот ашу, жүргізу, жабу және (немесе) шот бойынша жеке операцияны жүргізу үшін қажетті құжаттар тізбесіне өзгертулер енгізуге және клиенттен оларды уақтылы ұсынуды талап етуге;
- 2) Клиринг орталығының ішкі құжаттарын дербес қабылдауға, Ережелерде көзделген тәртіппен Қоғам клиенттерін хабардар ете отырып, оларға өзгертулер мен толықтырулар енгізуге;
- 3) Клиентпен автоматтандырылған өзара іс-қимылды ұйымдастыру және деректер беру үшін электрондық құжаттармен алмасу жүйесін (ЭҚАЖ) анықтауға;
- 4) жүргізуді Клиринг орталығы жүзеге асыратын Клиенттің шоттарын тікелей дебеттеуге, оның ішінде:
 - қаржы құралдарымен биржалық сауда-саттық нәтижелері бойынша Клиенттің ақшалай міндеттемелерін;
 - Клиринг орталығына Клиенттің берешегін төлеу үшін қажетті комиссиялық алымдарды, тұрақсыздық айыбын және өзге де ақшаны;
 - Клиенттің шотына қате есептелген ақшаны;
 - Клиринг орталығының Ережелерде көзделген тәртіппен шот бойынша түзеу (түзету) операцияларын (жазбаларын) жасау үшін қажет болған жағдайларда;
 - Ережелерде және Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарында белгіленген өзге де жағдайларда дебеттеуге;
- 5) Клиент Келісім-шарттың талаптарын бұзған жағдайда өз талаптарын қанағаттандыру мақсатында тікелей дебеттеу жолымен шоттағы ақшадан өндіріп алу құқығымен, сондай-ақ:

Клиринг орталығына шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы, шоттағы ақшаға тыйым салу туралы уәкілетті мемлекеттік органдардың және (немесе) лауазымды тұлғалардың шешімдері, қаулылары келіп түскен, сондай-ақ заңнамаға сәйкес шотты тікелей

дебеттеуге құқығы бар үшінші тұлғалардың нұсқаулары түскен жағдайда;

Келісім-шартта және (немесе) заңнамада көзделген өзге де жағдайларда шотты бұғаттауға, шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға;

- 6) шот бойынша шығыс операцияларын олар заңнама, Ережелер талаптарына сәйкес келмеген және (немесе) ұйымдастырылған (биржалық) қаржы құралдары нарығындағы қызметке қатысы жоқ жағдайда орындаудан бас тартуға (жүзеге асыруға тыйым салуға);
- 7) Клиент Клиринг орталығына кінәрат, талап-арыз берген жағдайда тиісті кеңес беру, заң қызметтерін ұсынатын үшінші тұлғаларға (бұдан әрі – кеңес берушілер) Клиентпен даулы қатынастар бойынша кеңес, қорытындылар алу үшін жүгінуге құқығы бар. Бұл ретте Клиринг орталығы кеңес берушілерге Клиент туралы және Клиринг орталығы оның атына ашқан шоттар туралы кез келген кінәратты, талап-арызды, оның ішінде коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты беруге құқылы;
- 8) Клиент комиссиялық алымдарды, тұрақсыздық айыбын төлемеген жағдайда немесе Клиринг орталығының ішкі құжаттарына сәйкес Клиринг орталығының шығыстарын өтемеген жағдайда Клиенттің шоттар бойынша операциялар жүргізуге арналған өкімдерін орындамауға.
Тартуға немесе қайта ұйымдастыруға байланысты шоттарды жабу жағдайларын қоспағанда, Клиенттің оған қойылатын орындалмаған талаптары болған кезде Клиентке шоттарды жабудан бас тартуға;
- 9) Клиринг орталығының немесе Клиенттің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымдарға Клиенттің шоттарындағы ақшаның болуы және қозғалысы туралы ақпаратты, сондай-ақ аудит үшін қажетті өзге де ақпаратты беруге;
- 10) Клиринг орталығының ішкі құжаттарында және заңнамада көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

4 бап. Тараптардың міндеттері

1. Клиент:

- 1) Қазақстан Республикасы заңнамасының, Ережелердің, Келісім-шарттың және Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарының талаптарын білуге және сақтауға;
- 2) Клиринг орталығына заңнамаға, Ережелерге және Келісім-шартқа сәйкес тиісті түрде рәсімделген хабарламаларды (төлем құжаттарын) ұсына отырып, шот бойынша операцияларды жүзеге асыру туралы заңнамаға қайшы келмейтін нұсқауларды жіберуге;
- 3) Клиринг орталығынан алынған және оның ішінде биржалық куәліктерде, Биржаның сауда-саттық жүйелерінің есептерінде, Клиринг орталығының клиринг-есеп айырысу жүйелерінде, электрондық хабарламаларда, үзінділерде және өзге де құжаттарда көрсетілген барлық ақпаратты дереу тексеруге; Клиринг орталығының қаржы құралдарымен жасалған мәмілелерді (олар бойынша есеп айырысуды Клиринг орталығы дербес жүзеге асырады), Клиенттің өзге де тапсырмаларын қамтамасыз етуді (жарияланған баға белгілеуді) және (немесе) орындауын бақылаудың дұрыстығын тексеруге.

Егер Клиент қандай да бір дәлсіздіктерді, дұрыс емес және (немесе) толық орындалмағанын, рұқсатсыз операциялардың бар екенін

анықтаса, онда Клиент бұл туралы Клиринг орталығын ауызша немесе жазбаша нысанда дереу хабардар етуге тиіс;

- 4) Клиринг орталығын бір жұмыс күні ішінде банк заңнамасында көзделген операцияларды жүргізуге арналған лицензияны кері қайтарып алу немесе тоқтата тұру туралы хабардар етуге;
- 5) Клиринг орталығын шот ашу кезінде ұсынылған құжаттардағы өзгерістер туралы он жұмыс күні ішінде хабардар етуге;
- 6) шотқа қате есептелген ақшаны қайтаруға кедергі келтірмеуге немесе ықпал етуге, сондай-ақ шотқа ақшаны қате есептеу фактісі анықталған жағдайда бұл туралы Клиринг орталығын дереу хабардар етуге;
- 7) Клиринг орталығының ішкі құжаттарында көзделген шарттарда және тәртіппен Клиринг орталығына банк қызметтерін және өзге де төлемдерді төлеуге;
- 8) Клиринг орталығының ішкі құжаттарына сәйкес клиенттің (-тердің) қызметіне қатысты және Клиринг орталығының органдары қабылдаған шешімдерді тануға және осындай шешімдерді орындауға;
- 9) Клиринг орталығының ішкі құжаттарына сәйкес өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, тұрақсыздық айыбын, оның ішінде, бірақ шектелмей: комиссиялық алымдарды төлемегені (уақтылы немесе толық төлемегені) үшін; жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысу мерзімдерін бұзғаны үшін, қамтамасыз ету (толық немесе ішінара) шотына жеткізу міндеттемелерін орындамағаны үшін және басқалары үшін төлеуге міндетті. Тұрақсыздық айыбының мөлшері мен төлеу тәртібі Клиринг орталығының ішкі құжаттарымен анықталады.

2. Клиринг орталығы:

- 1) Клиент шот ашу үшін қажетті және жеткілікті ақпарат пен құжаттарды ұсынған және шот ашудан бас тарту үшін негіздер болмаған кезде Клиентке оның өтінішіне сәйкес шот ашуға;
- 2) заңнамаға, Ережелерге және Келісім-шартқа сәйкес Клиенттің шоттары бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға;
- 3) Клиринг орталығының деректерді (құжаттарды) есепке алу және беру жөніндегі банктік (автоматтандырылған) жүйелерін тиісті жағдайда ұстауға;
- 4) қажет болған кезде валюталық бақылау агентінің заңнамада белгіленген функцияларын жүзеге асыруға;
- 5) Клиент қайта аталған, ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген, электрондық кілттер бұзылған жағдайда Клиентке жаңа кілттер алу үшін бес жұмыс күнін беруге;
- 6) Клиентті Ережелерге енгізілетін барлық өзгерістер туралы заңнамада және Ережелерде белгіленген мерзімде хабардар етуге міндетті.

Клиентке Клиринг орталығының тоқсан сайынғы қаржылық есеп берушілігімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті, оның негізінде Клиент тәуекелдерді бақылау және азайту мақсатында Клиринг орталығының қаржылық жай-күйін талдайды;

- 7) Клиринг орталығының ұйымдық-құқықтық нысаны, банктік, пошта деректемелері, атауы өзгерген жағдайда (жойылмайтын немесе жойылуы қиын салдар туындағанға дейін) бұл туралы Клиентті дереу хабардар етуге;
- 8) заңнамада, Ережелерде және Келісім-шартта белгіленген жағдайларды қоспағанда, Клиенттің шоттарындағы ақшаның болуы және қозғалысы туралы ақпаратты жария етпеуге;

- 9) заңнамада, Ережелерде және Келісім-шартта көзделген жағдайларда шоттарды жабуға міндетті.
3. Тараптар:
- 1) заңнама мен Ережелердің талаптарын сақтауға;
 - 2) Клиенттің шоттары бойынша жүргізілген операцияларды тексеруді (салыстыруды) жүзеге асыру, шоттар бойынша қалдықтарды салыстырып тексеру нәтижесінде анықталған қате (алшақтық), анықталған жағдайда, қатені (алшақтықты) тапқан Тарап қателік (алшақтық) анықталған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде осы қателік (алшақтық) туындау себептерін бірлесіп анықтау және жою мақсатында екінші Тарапқа жүгінуге міндетті;
 - 3) заңнамаға сәйкес Келісім-шартпен реттелетін қатынастарды белгілеу үшін болуы міндетті лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұру, одан айыру туралы уәкілетті органның тиісті хабарламасын алғаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей бір-бірін хабардар етуге;
 - 4) Клиринг орталығының ішкі құжаттарында және заңнамада көзделген бір-бірінің алдындағы өзге де міндеттемелерді орындауға міндетті.

5 бап. Ақша төлемдері мен аударымдары кезінде ақпарат алмасу тәртібі

1. Төлем құжаттарын беру тәртібі, Клиент пен Клиринг орталығы арасындағы төлемдер және (немесе) ақша аударымдары туралы ақпарат және құжаттар алмасу тәсілдері заңнамамен және Клиринг орталығының ішкі құжаттарымен белгіленеді.

6 бап. Жауапкершілік

1. Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді бұзғаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар заңнамаға, Ережелерге және Келісім-шартқа сәйкес жауапты болады.
2. Егер Клиенттің төлем тапсырмасында көрсетілген төлем сомасы шот бойынша (бар болса) төмендетілмейтін ақша қалдығының мөлшерін шегергендегі шоттағы ақша сомасынан асып кетсе, Клиринг орталығы Клиенттің оның шоты бойынша өкімін орындамағаны үшін жауапты болмайды.
3. Тараптар бір-біріне нақты залал мөлшерінде Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындамаудан немесе тиісінше орындамаудан туындаған залалдар келтірілген жағдайда заңнамаға сәйкес өзара жауапкершілікте болады.
4. Міндеттемелерді орындамағаны немесе уақтылы орындамағаны үшін Тараптар төлейтін тұрақсыздық айыбының мөлшері Ережелерде және (немесе) Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарында анықталады.
5. Клиринг орталығы немесе Клиент банк операцияларын жүзеге асыру процесінде немесе нәтижесінде жауап бермейтін жағдайлар Ережелерде анықталған.

7 бап. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары

1. Заңнама мен Клиринг орталығының ішкі құжаттарының анықтамаларына сәйкес еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайларының туындауы салдарынан Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді ішінара және (немесе) толық орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Тараптар бір-бірінің алдында жауапты болмайды.

2. Еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайларының тізбесі мен сипаты, сондай-ақ олар туындаған жағдайда іс-әрекеттер Ережелерде анықталған.
3. Тараптар міндеттемелерді орындауға әсер ететін кедергі мен оның салдары Тараптардың біріне белгілі болғаннан кейін бірден форс-мажорлық мән-жайлардың туындағаны туралы бір-бірін хабардар етуге міндеттенеді.
Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындау осындай мән-жайлардың қолданылуы кезеңіне тоқтатыла тұрады. Форс-мажорлық мән-жайлардың басталу фактісі тиісті құжаттармен расталуға тиіс.
4. Еңсерілмейтін күштің (форс-мажордың) қолданылуы тоқтатылған кезде Тараптар Келісім-шарт бойынша алынған міндеттемелерді тиісінше орындау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.
5. Егер форс-мажорлық жағдайлардың қолданылу кезеңі үш айдан астам уақытқа созылса, Тараптар өзара келісім бойынша Келісім-шартты бұзуға құқылы.

8 бап. Дауларды шешу тәртібі

1. Келісім-шарттың талаптарын орындау процесінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар бір-бірінің мүдделерін ескере отырып, оларды соттан тыс тәртіппен реттеу үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға міндеттенеді.
2. Тараптардың даулары мен келіспеушіліктерін реттеу Ережелерде анықталған тәртіппен және заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

9 бап. Келісім-шарттың қолданылу мерзімі

1. Келісім-шарт Клиринг орталығы Клиентке берген шот ашу туралы хабарламада көрсетілген күннен бастап күшіне енеді және заңнамада, Ережелерде және Келісім-шартта көзделген жағдайларда өз қолданысын тоқтатады.
2. Келісім-шартты бұзу туралы келісімге қол қойылған сәтте өзара талаптар болмаған кезде ғана, сондай-ақ заңнамада, Ережелерде және Келісім-шартта белгіленген өзге де жағдайларда Келісім-шарт Тараптардың келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.
3. Тараптардың әрқайсысы Келісім-шартты бұзу болжанған күнге дейін отыз жұмыс күні бұрын және заңнамада және Ережелерде белгіленген шарттардың сақталуын ескере отырып, бұл туралы екінші Тарапты жазбаша хабардар ете отырып, біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.
4. Келісім-шарт бұзылған жағдайда және Шоттарда ақша қалдығы болған жағдайда Клиент Келісім-шарт бұзылған күнге дейін Клиринг орталығына Клиенттің басқа банктердегі немесе банктік емес ұйымдардағы банк шоттарына ақша аударуға нұсқау беруге тиіс.
5. Келісім-шартты тоқтату Тараптарды Келісім-шарттың талаптарына сәйкес оның қолданылу мерзімі тоқтатылғанға дейін туындаған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.
6. Клиринг орталығының ішкі құжаттарында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Клиринг орталығының клиентінің Келісім-шарт бойынша өзінің құқықтарын және (немесе) міндеттерін үшінші тұлғаларға беруге (табыстауға) құқығы жоқ.

10 бап. Тұжырымды қағидалар

1. Осымен Клиент Клиринг орталығының заңнаманың және Клиринг орталығының ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес Клиенттің банктік, коммерциялық құпиясын және өзге де қорғалатын ақпаратын (бұдан әрі – Құпия ақпарат) ашуға өзінің қайтарып алынбайтын және сөзсіз келісімін береді.
2. Осымен Клиринг орталығының Клиенті Клиринг орталығына осы келісімді беруге байланысты Клиенттің Клиринг орталығына, оның ішінде Келісім-шарт жасасу кезінде де, сондай-ақ болашақта да мүлдіктік талаптары болмайтынына және Клиринг орталығы Клиент алдында заңнаманың және Клиринг орталығының ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес Құпия ақпаратты ашқаны үшін жауапты болмайтынын растайды және кепілдік береді.
3. Келісім-шарт заңнамаға және Клиринг орталығының ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді және Клиринг орталығының банк операцияларын жүргізу шарттары мен тәртібін регламенттейтін ішкі құжаттарына қосылу келісім-шарты болып табылады.
4. Осымен Клиринг орталығының Клиенті Клиринг орталығының барлық ішкі құжаттарымен танысқанын растайды, Клиринг орталығының ішкі құжаттарының барлық қағидаларының, шарттары мен талаптарының мәнін түсінеді, сондай-ақ Клиринг орталығының барлық ішкі құжаттарымен және олардың қағидаларымен, шарттарымен және талаптарымен сөзсіз келіседі.
5. Бір немесе екі Тарап қайта ұйымдастырылған кезде Келісім-шарттың талаптары өзінің заңды күшін жоғалтпайды және құқықтық мирасқорларға ауыстырылады.

11 бап. Тараптардың заңды мекен-жайлары және өзге де деректемелері

1. Клиринг орталығының мекен-жайы мен деректемелері Клиринг орталығының интернет-сайтында жарияланады.
2. Клиенттің Клиринг орталығына қажетті заңды мекен-жайын және өзге де деректемелерін Клиент Келісім-шарт жасасу туралы өтініш берген кезде және кейіннен олар өзгерген жағдайда береді.
3. Клиенттің және Клиринг орталығының бизнес-сәйкестендіру нөмірлері, сондай-ақ Клиенттің жеке сәйкестендіру коды Клиентке жіберілетін және Келісім-шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын банктік корреспонденттік шотты ашу туралы хабарламада көрсетіледі.

Банк операцияларын
жүргізу ережелеріне

5 қосымша

_____ операцияларын жүргізу жөнінде қызметтер көрсету
көрсетілсін: аударым немесе айырбастау

туралы келісім-шартқа қосылу туралы

Ө Т І Н І Ш

Осымен [Клиенттің толық атауы және оның ұйымдық-құқықтық нысаны]
_____ операцияларды жүргізу бойынша келісімшартқа (бұдан әрі –

көрсетілсін: аударым немесе айырбастау

Келісім-шарт) қосымалады және:

- 1) осы өтініш қосылу келісім-шарты болып табылатын Келісім-шартты жасасуға келісім және Келісім-шарт талаптарында Банк операцияларын жүргізу ережелеріне қосымша болып табылатынын;
- 2) Келісім-шарттың мазмұнымен, Банк операцияларын жүргізу ережелерімен және Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарымен танысқанымызды;
- 3) Келісім-шартта және Банк операцияларын жүргізу ережелерінде белгіленген барлық шарттармен және талаптармен сөзсіз келісетінімізді және орындауға міндеттенемізді мәлімдейміз.

[Клиенттің толық атауы]:

[Лауазымы]

[қолтаңба]

[тегі, аты-жөні]